

Баяндама

COM/ENR/REP/002/FINAL
Бейресми аударма

Бесінші отырыс
Бішкек, 2019 ж. 30 мамыр

**ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫ ПАЙДАЛАНУ:
ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОЛДАУ**

I. КІРІСПЕ

1. Қоршаған орта және табиғи ресурстар комиссиясының 2018 жылғы 14 қыркүйекте Бішкекте өткізілген төртінші отырысында «Табиғи ресурстарды экологиялық тұрақты пайдалану: құқықтық қолдау» тақырыпты бесінші отырысқа күн тәртібінің негізгі тармағы ретінде қарау ұсынылған болатын

2. Соңғы екі жүз жылдықтың ішінде адамзат айтарлықтай экономикалық және демографиялық экспансияны бастан өткізді. Өнеркәсіптік даму және өмір сүру ұзақтығының өсуі табиғи ресурстарды тұтынудың жоғарлауымен қатар болды. Адамдарға, оның негіздерін жойып, жоғарылаудың ықтимал салдарын көз алдына келтіру үшін көп уақыт қажет болған жоқ.

3. Адами капитал нысанындағы байлық табиғи ресурстарды пайдалану мен тұтынуға негізделген. Ресурстарды пайдалануды әрі қарай жоғарлату және қоршаған ортаға тиісті әсер ету экологиялық күйзелістерге және қауіпсіздікке төндіретін қауіп-қатерлерге апаратын көптеген кері салдарға әкелді. Сонымен, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және оларды басқару оң жылдан астам уақыт бойы, 1992 жылы Рио-де-Жанейрода өткен саммиттен бастап, көптеген саяси талқылаулардың мәніне айналған.

4. Соңғы 50 жылдың ішінде адамдар көбінесе азық-түліктегі, тұщы судағы, талшықтағы және отындағы өздерінің жылдам өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін экожүйелерді, адамзат тарихындағы кез келген салыстырмалы кезеңмен салыстырғанда, жылдамырақ және ауқымды өзгертіп жіберген. Бұл адамдардың дәулеттілігінің айтарлықтай жоғарлауына және экономикалық дамуға әкелді, алайда бұған көптеген экожүйелердің тозуы түріндегі өсіп келе жатқан шығындар арқасында жетуге болатын.
5. Көптеген елдердің мысалында көргендей, ТҮРКПА қатысушы елдері де қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланумен байланысты мәселелердің шешімдерін іздеуге аса мүдделі, өйткені экономиканың барлық салаларының және адамдар қызметінің жылдам дамуы қоршаған ортаға келеңсіз әсер етуіне, оның ішінде табиғи ресурстарды тиімсіз пайдалануға әкеліп соқты.
6. Осы баяндаманың негізгі мақсаты болып осы мәселе бойынша өңірлік ынтымақтастық басымдылықтарын әзірлеу табылады. Баяндама Әзірбайжанның, Қазақстанның, Қырғызстанның және Түркияның тиісті министрліктерінен алынған материалдарға, сонымен қатар тиісті халықаралық мекемелердің деректеріне негізделген.

I. ҚАТЫСУШЫ ЕЛДЕРДЕГІ ЖАҒДАЙ

Әзірбайжан

7. Әзірбайжанда бай табиғи ресурстары мен дамыған өнеркәсіптік аудандары бар. Осы тұрғыдан Әзірбайжанда климаттың 11 түрінің 9 бар. Оған қоса, мұнай мен газдың кен орындарымен, пайдалы кен орындарымен және пайдалы кен емес қазбаларға бай. Биологиялық ресурстар, орман және су ресурстарын қоса алғанда, осы байлықпен байланысты.
8. Әзірбайжан Республикасы қоршаған орта жөніндегі 20-дан астам көпжақты халықаралық конвенцияларға және хаттамаларға қосылған, ЮНЕСКО Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы конвенциясын, БҰҰ Климаттың өзгеруі туралы нобайлы конвенцияны, Жабайы фаунаны қорғау туралы конвенцияны, Жабайы фаунаны қорғау туралы Конвенцияны, БҰҰ Шөлейттенуге қарсы конвенциясын, Траншекаралық тұрғыдан қоршаған ортаға әсер етуді бағалау туралы конвенцияны, Жабайы табиғатты қорғау және Еуропаны сақтау туралы Еуропалық конвенцияны, Озон қабатын бұзатын заттар туралы Монреаль конвенциясын, БҰҰ қауіпті қалдықтарды табыстау

- және жоюға бақылау туралы Нобайлық конвенцияны және басқ. қоса алғанда, қосылған.
9. Сонымен қатар Әзірбайжан Республикасы мен әртүрлі елдер арасында 30 ек жақты келісімдерге және өзара түсінушілік туралы меморандумдарға қол қойылған. Оның ішінде көршілес елдер де бар - Грузия, Түркия, Иран Ислам Республикасы, Орталық Азия республикалары, Молдова, Германия, Корея, Қытай, Чехия, Латвия және басқалары.
 10. Әзірбайжан Республикасында соңғы жылдарда қоршаған орта саласында қол қойылған құжаттар Әзірбайжан Республикасында Биоалуантүрлілікті сақтаудың және орнықты пайдаланудың 2017-2020 жылдарға арналған ұлттық стратегиясында, ұлттық экономиканың негізгі секторларына арналған стратегиялық жол картасында, Әзірбайжан экономикасының дамуының 2020 жылға дейінгі перспективаларында, Әзірбайжан Республикасының Аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының 2019-2023 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, Әзірбайжанда Қатты қалдықтарды басқаруды жетілдірудің 2018-2020 жылдарға арналған Ұлттық стратегия мен іс-әрекеттер жоспарында және т. б. құжаттандырылды.
 11. Әзірбайжан Республикасының Заңдары экология саласындағы құқықтық қарым-қатынастарды реттеуде шешуші рөл атқарады. Мемлекеттік егемендік қалпына келтірілгеннен кейін Әзірбайжан Республикасында осы салалығы құқықтық қатынастарды реттейтін бірқатар заңдар қабылданған болатын. Бұл заңдар Әзірбайжан Республикасының Орман кодексін (1997 жылғы 30 желтоқсан), Әзірбайжан Республикасының Орман кодексін (1997 жылғы 26 желтоқсан), Әзірбайжан Республикасының Орман кодексін (1999 жылғы 25 маусым), Әзірбайжан Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» (1999 ж. 8 маусым), «Жер туралы» (1998 ж. 13 ақпан), «Атмосфералық ауаны қорғау туралы» (2001 ж. 27 наурыз), «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» (2000 ж. 24 наурыз), «Жабайы табиғат туралы» (1999 ж. 4 маусым), «Экологиялық ақпарат туралы» (2002 ж. 12 наурыз), «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі (1997 ж. 30 желтоқсан)», «Балық аулаушылық туралы» (1998 ж. 27 наурыз), «Көгалдандыруды қорғау туралы» (2 мамыр 2014), «Экологиялық қауіпсіздік туралы» (1999 жылғы 04 маусым), «Халықтың экологиялық білімі және ағартышылығы туралы» (2002 жылғы 10 ақпан), «Гидрометеорологиялық қызмет туралы» (1998 жылғы 17 сәуір), «Қоршаған ортаға әсер етуді бағалау туралы» (2018 ж. 12 маусым) және басқаларды қамтиды.
 12. Жоғарыда айтылғандай, қоршаған ортаны қорғау туралы көптеген заңдар қабылданған болатын. Бұл заңдар Әзірбайжан Республикасының

Конституциясына негізделген. 1999 жылы Қоршаған ортаны қорғау туралы Заң қабылданған болатын. Қоршаған ортаны қорғау туралы Заң барлық салаларды қамтиды - қалдықтарды басқару, жануарлар әлемін қорғау, экологиялық сараптама және т. б. 2007 жылы Қоршаған ортаны қорғау туралы Заңға кейбір өзгерістер енгізілген болатын. 2008-2009 жылдары президент жарлығымен бақылау функциялары Экология және табиғи ресурстар министрлігіне, Ішкі істер министрлігіне және Денсаулық сақтау министрлігіне тапсырылды.

13. Ел Президентінің 2018 жылғы 16 шілдедегі Жарлығына сәйкес минералды-шикізат базасын қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мақсатында Минералды шикізатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік агенттік құрылған болатын.
14. Жалпы алғанда, елдегі экологиялық жағдай, табиғи ресурстар, оларды қорғау және жаңғырту тұрақты даму тұжырымдамасының ажырамайтын бөлігіне айналды. Осыған орай Экология және табиғи ресурстар министрлігі қоршаған ортаны қорғау саласындағы БҰҰ жүйесінің барлық екі жақты және көп жақты пішімдерде бірге қызмет істейді.

Қазақстан

15. Мемлекеттің экологиялық саясаттың негіздері Қазақстан Республикасының Конституциясында толық баяндалған. Қоршаған ортаны қорғау, саяси құжаттар мен стратегиялар Қазақстан заңнамасында көрініс табады.
16. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі 2007 жылғы 9 қаңтарда қабылданған. Осы Кодексте Қазақстан Республикасы аумағының шегінде табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер етуге байланысты шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде қоршаған ортаны қорғау, қалпына келтіру және сақтау, табиғи ресурстарды пайдалану мен молықтыру саласындағы қатынастар реттеледі.
17. Қазақстан Республикасы орнықты дамуының экологиялық негіздері адам өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету жөніндегі мақсатқа мемлекеттің қол жеткізуі; қоршаған ортаны қорғау және биоәртүрлілікті сақтау; Қазақстан Республикасының өз табиғи ресурстарын өндіруге құқықтарын қамтамасыз ету мен іске асыру және табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету мәселелерінде ұлттық мүдделерді қорғау; қазіргі және болашақ ұрпақтардың сұранысын әділ қанағаттандыру; өндіріс пен тұтынудың орнықты үлгілерін дамыту; қоршаған ортаның жай-

- күйін есепке ала отырып, экологиялық нормалаудың әлеуметтік және экономикалық даму талаптарына сай келуі; әрбір адамның экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқығын сақтау және жұртшылықтың қоршаған ортаны қорғау мен орнықты даму мәселелерін шешуге жан-жақты қатысуы; қоршаған ортаны қорғау саласында қабылданатын шаралардың жариялылығын қамтамасыз ету; Жердің экожүйесінің салауатты жай-күйі мен тұтастығын сақтау, қорғау мен қалпына келтіру мақсатындағы жаһандық әріптестік; қоршаған ортаға залал келтіргені үшін жауаптылыққа қатысты халықаралық құқықтың дамуына жәрдемдесу; қоршаған ортаға елеулі залал келтіретін немесе адам денсаулығы үшін зиянды деп есептелетін қызмет пен заттардың кез келген түрлерін басқа мемлекеттерге көшіру мен ауыстыруды тежеу, болдырмау, сондай-ақ қоршаған ортаға елеулі немесе орны толмайтын залал қатері төнген жағдайларда сақтандыру шараларын қолдану болып табылады.
18. Халықаралық шарттарға тоқтайтын болсақ, Қазақстан Республикасы экологиялық мәселелерді шешуге белсенді қатысады. Қазақстан биоалуантүрлілік, су ресурстары және басқалар бойынша 30-дан астам халықаралық келісімдердің серіктесі болып табылады. 2016 жылғы 2 тамызда Қазақстан Республикасы Париж келісіміне қол қойды. Осы келісімге сәйкес 2030 жылға дейін Қазақстан көмірқышқыл газдың шығарылуын 15 пайызға дейін қысқартуды шешті.
19. Жалпы айтқанда, елдің экологиялық заңнамасын дамыту үшін жағдайлар бар. Бұған жауапты орган Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі болып табылады. Оның құрамында Экологиялық реттеу және бақылау комитеті құрылған. Қазақстан Республикасының тиісті министрліктері де қоршаған ортаны қорғау бойынша заңнаманы жүзеге асыруға қатысады.
20. Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Парламентінде осы заңдарды және нормативтік актілерді қабылдау үшін өкілеттігі бар. Бұл заңнамалық актілерді жетілдіру және әзірлеу саласындағы негізгі құзыретті орган.

Қырғызстан

21. 2012 жылы Қырғызстан БҰҰ орнықты даму бойынша «РИО + 20» конференциясында «жасыл экономика» басылымдықтарын жылжыту жолымен ұзақ мерзімді болашақта орнықты дамуға өзінің бұлжымастығын білдірді.
22. 2013 жылдың қаңтарында Орнықты дамудың 2013-2017 жылдар кезеңіне арналған ұлттық стратегиясы аясында елдің орнықты дамуы бойынша саяси

- бет алысы қабылданған болатын, Орнықты даму бойынша Ұлттық кеңес құрылды. Стратегияның аясында адами дамудың, адами және табиғи капиталдың басым мәні негізгі орталық басымдылық ретінде алғашқы рет ұсынылды.
- 23.Қырғыз Республикасының Дамудың 2040 жылға дейін арналған ұлттық стратегиясында және Қырғыз Республикасының дамуының «Бірлік, сенім, шығармашылық» Үкіметтік бағдарламасында табиғи ресурстарды сақтау және тиімді пайдалану мәселелері елдің экономикалық дамуымен өзара байланысты.
- 24.Өзінің дамуында Қырғыз Республикасы елдің орнықты дамуының болашағы үшін қауіп төндіретін мәселелерге тап болады, оның ішінде: тиімді баламаларды құрусыз табиғи ресурстардың тозуы, табиғи экожүйелерден айырылу, ресурстарды және энергияны пайдаланудың төмен тиімділігі, сонымен қатар адами капиталдың дамуының төмен деңгейі.
- 25.Күрделі мәселе болып өмір жағдайларына және халықтың денсаулығына айтарлықтай әсер ететін климаттың болжалды өзгеруі табылады, сонымен бірге республиканың су ресурстары ең осал жеріне айналады, бұл гидроэнергетика мен ауыл шаруашылық өндірісінің дамуы үшін мүмкіндіктерді азайтады.
- 26.Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану олардың экономикасына, экстенсивті пайдаланудан біртіндеп бас тартуға және жаңғыртылмайтын ресурстарды үнемді пайдалануға және жаңғыртылатын ресурстарды тұрақты пайдалануға көшуге, сонымен қатар қуаттың баламалы көздеріне - күн, жел және т. б. дамытуға бағытталған болуы қажет.
- 27.Қырғыз Республикасының Жогорку Кенешінің 2018 жылғы 28 маусымдағы № 2532-VI Қаулысымен Қырғыз Республикасындағы «Қырғызстан - жасыл экономика елі» жасыл экономика тұжырымдамасы қабылданған болатын. Осы Тұжырымдаманы және Қырғыз Республикасының дамуының 2040 жылға дейін арналған Ұлттық стратегиясын жүзеге асыру аясында Қырғыз Республикасында 2019-2023 жылдарға арналған Жасыл экономика дамуының бағдарламасының жобасы әзірленді.
- 28.Қырғыз Республикасының экологиялық заңнамасы қоршаған оратын қорғаумен және табиғи ресурстарды сақтаумен байланысты құқықтық қарым-қатынастардың кең спектрін реттейді. Олар шаруашылық және басқа қызмет барысында қоршаған ортаны қорғау бойынша нормалар мен талаптарды орнатады, экологиялық құқық бұзушылықтарды, жауапкершілік шараларын және жауапкершілікке тарту, табиғи ресурстарды пайдалану рәсімдерін

- орнатады, жауапкершіліктен босатылудың нормалары мен квоталарын рәсімдерін анықтайды, сонымен қатар қорғау және қалпына келтіру шараларын қарастырады.
29. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі нормативтік-құқықтық құжат болып табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саяси және құқықтық қарым-қатынастардың құқықтық негіздерін орнататын Қырғыз Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заң табылады.
30. Жоспарланатын шаруашылық немесе басқа қызметтің халық денсаулығына және қоршаған ортаға әсерлердің ықтимал келеңсіз салдарын болдырмау мақсатында Қырғыз Республикасының «Экологиялық сараптама туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізіледі. Сонымен қатар жобалық құжаттаманың барлық түрлерінің және кезеңдерінің міндетті және ажырамайтын бөлігі болып қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) табылады. Қызметке бастамашылық етуші қоршаған ортаға әсеретуге мемлекеттік бағалау жүргізу үшін ҚОӘБ бойынша құжаттаманы табыстайды. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы сараптама объектісін қаржыландыруға, кредиттеуге, инвестициялауға және жүзеге асыруға рұқсат алуға алғышарттардың бірі болып табылады.
31. Қорытындысында, экологиялық орнықтылықты және табиғатты орнықты пайдалануды қамтамасыз ету мәселелерін елдің даму басымдылықтарына қосу ұзақ мерзімді негізде табиғи ортадағы тозу өзгерістеріне апармайтын тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Түркия

32. Пайдалы қазбаларды өндіру - ол бар жер астылы қорларды өндіру және оларды қоғамға қызмет етуге табыстау. Жер қыртысынан пайдалы қазбаларды өндіретін шахталарды жабу және оларды экономикаға енгізу - шарасыз қажеттілік. Өкінішке орай, пайдалы қазбаларды өндіру жаңғыртылатын ресурс болып табылмайды, және де, жүргізілген жұмыстың сипатына байланысты, шахталарды экономикаға табыстағанда табиғатқа залал келтіруге жол бермеу үшін әртүрлі шараларды қолдану қажет.
33. Өкінішке орай, тау-кен өндіру саласындағы ең осал мәселелердің бірі болып қоршаған орта табылады. Бүгін, кешегідей сияқты, пайдалы қазбаларды өндіру дамудың қозғалтқышы болып табылады. Бұл біздің өміріміздің барлық қырларына қатысты болатын сектор. Осы себептен бұл экономика мен жұмыс күші тұрғысынан аса маңызды сектор.

34. Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі Түркия заңнамасына пайдалы қазбаларды іздеу, пайдалану және өндіру бойынша қажетті түзетулерді енгізді және енгізуді жалғастыруда.
35. Түркия жергілікті және ұлттық тау-кен өндіру саясаты аясында маңызды шаралар қолданды. Түркиядағы тау-кен саласында тек қана адам мен табиғат үшін емес, сонымен қатар қоршаған орта мен адам саласындағы қызмет үшін мәдениет қалыптастырылды.
36. Пайдалы қазбаларды өндіру туралы өтініште пайдалы қазбаларды өндіру бойынша жоба сонымен қатар экологиялық шараларды қолдану жолымен шахтаны пайдаланғаннан кейін оңалту кезеңін де қамтиды. Осылай, жұмысты бастау алдында кәсіпкер оңалту кезеңін есепке алады.
37. Пайдалы қазбаларды өндіру туралы заңда айтылғандай, қаңтардың соңына дейін кенішті пайдалану үшін баждардың 70 пайызы ортақ бюджетке аударылады, ал 30 пайызы бас кеңсеге қоршаған ортаны қорғау бойынша жоспарды жүзеге асыру үшін аударылады. Осылай, кәсіпкердің экономикалық жағдайы қалпына келтіру жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік бермейтін болса, олар мемлекетпен қамтамасыз етіледі. Функционалдық кезең аяқталғаннан кейін лицензия иеленушісі аумақты қоршаған ортаға сәйкес табыстауы және Бас басқармаға тиісті құжаттарды ұсынуы қажет. Лицензия иеленушісіне қалпына келтіру бойынша жұмыстарды орындау үшін бір жыл беріледі. Егер осы уақыттың ішінде қажетті шаралар қолданылмайтын болса, бүкіл жауапкершілік лицензия иеленушісіне жүктеледі, жағдаят туралы атқарушы билік органдарына хабарланады және жауапкершілікке тарту сол жерде жүргізіледі.
38. Лицензияланбаған аумақтарда пайдалы қазбаларды өндірген жағдайда осы кен орындарының қалпына келтірілуін мемлекеттік органдар жүзеге асырады. Тау-кен өндіру қызметі және лицензиялау бойынша қызмет қоршаған ортаға әсер ету және қалалану сияқты белгілі бірқатар себептермен шектеледі.
39. Тау-кен өндіру, әсіресе көмір, өнеркәсібінде экологиялық мәселелері бар. Қоршаған ортаның ластануына назар аудару маңызды. Бұл судың ластануын, ауаның ластануын, қатты қалдықтармен және түтінмен ластануды қамтиды. Онымен бірге, осы саланы пайдалану арқасында, аумақтың бұзылуы туралы айтуға болады. Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі осы саланы қалыпқа келтіру үшін үлкен жұмыс атқарды. Олардың ең маңыздысы болып Қоршаған ортаны қорғау туралы Заң табылады. Оған қоса, қалдықтарды басқарумен, судыластаумен, судың ластануын бақылау ережелерімен және

мұнай қалдықтарына қатысты басқа мәселелермен және басқа да мәселелермен байланысты көптеген іс-шаралар жүзеге асырылады.

40. Тау-кен өндіру секторы өзінің қызметін экологиялық тұрғыдан, сонымен қатар тау-кен өндіру секторы тұрғысынан толық интеграциялау нысанында жалғастырады. Осылай, Түркияда пайдалы қазбалардың өндірісі лицензиялау кезеңінен басталады. Екінші кезең - экологиялық, экологиялық бағалау. Түркияда тау-кен өндіру қызметін жүзеге асыру үшін компанияда лицензия болуы тиіс және ол қоршаған ортаға әсер ету сертификатын алуы қажет. Одан кейін компания мүлік құқығын және орналасқан жермен байланысты құжаттаманы табыстайды. Кейін жұмыс орнын ашуға рұқсаттар және жұмыс істеуге рұқсаттар алу қажет. Одан кейін Пайдалы қазбаларды және мұнайды өндіру бойынша бас дирекциясы компанияға жұмыс істеуге рұқсат береді. Кейін басқа тиісті рұқсаттар алынады.
41. Пайдалы қазбаларды өндеуде көптеген қалдықтар өндегенде де, сонымен қатар қайта өндегенде пайда болады. Олардың қоршаған ортаға әсер етуі және келеңсіз әсерлерді жою тұрғысынан Түркияда көптеген іс-шаралар жүзеге асырылады.
42. Біріншісі - тау-кен өндірісінің қалдықтарының сипатын анықтау. Бірқатар сынаулар мен зертханалық іс-шаралардан кейін кен-тау өндіру өнеркәсібінің қалдықтарының сипаты анықталады, қалдықтар тау-кен өндірісінің қауіпті қалдықтары немесе қауіпсіз қалдықтары ретінде жіктеледі. Онымен бірге қалдықтарды басқару бойынша заңнама әзірленеді және енгізіледі.
43. Түркияда пайдалы қазбаларды өндіргенде жерастылық суларға талдау ағынды суларға қатысты жүргізіледі, қажетті рұқсаттар беріледі. Бұл тұрғыдан министрлік жерастылық және құдықтық тазарту ғимараттарды құрды. Барлық қажетті рұқсаттарды алған компаниялар жұмыс істей алады.
44. Сонымен қатар Түркияда көптеген жылдардан бері көмірді өндіруге қатысты ауаның ластануына жол бермеу туралы және көмірдің ауаның тікелей ластануына әсер етуін төмендету туралы нормативтік акт бар. Бұл тұрғыдан Түркияда жылыту үшін сәйкес келмейтін көмірді пайдалануға жол берілмейді. Сондай-ақ, мұнайды өндіру және тау жұмыстарын жүргізгенде пайдаланылатын мұнайды өндірудің қалдықтары туралы заң бар.
45. Осы саладағы серіктестерге тау-кен өндіру секторды инвестициялау және оны қолдау қажет. Осыған орай пайдалы қазбаларды өндіру бойынша озық қызметті бастау, тәуекелдерді зерделеу және тау-кен өндіру компаниялар үшін тиісті ескертулер жасауды бастау аса маңызды.

II. ТҮРКПА ҚАТЫСУШЫ ЕЛДЕРДІҢ ЫНЫМАҚТАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫЛАР

46. Табиғи ресурстар экономикалық қызметтің негізі, өмір сапасының ең маңызды факторы, қазіргі және болашақ ұрпақтардың дәулеттілігі мен амандығының негізі болып табылады. Сондықтан табиғи ресурстарды тиімді басқару, оларды ұтымды пайдалану экономикалық дамудың және қоршаған ортаны сақтаудың негізгі шарттары болып табылады.
47. Байқап тұрғандай, ТҮРКПА қатысушы елдерде қоршаған ортаны қорғау мақсаттарын қолдау үшін бірқатар маңызды заңдар, құқықтық құжаттар және осы елдерде экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында барлықтары еуропалық заңнамалардың талаптарына сәйкес келетін мемлекеттік бағдарламалар әзірленген және бекітілген болатын. Бұл шаралар даму қағидаттарының негізінде жаттататын өзекті экологиялық мәселелерді шешуге арналған тиісті мемлекеттік бағдарламалардың аясында қолданылған болатын.
48. Халықаралық ұйымдар мен дамыған елдермен байланыстарды ластануды мүмкіндігінше төмендету және қоршаған ортаны қорғау мақсатында кеңейту ТҮРКПА қатысушы елдерінің экологиялық саясатының негізгі бағыттарының біреуі болып табылады.
49. Жұртшылықта табиғи ресурстарды тұрақты пайдалану мәселелері жөніндегі төмен хабардар болушылық мәселесі бар. Адамдар арасында табиғи ресурстарды тұрақты пайдалану мәселелері жөніндегі хабардар болушылықтары мен түсінушілік деңгейі мәселені сәтті шешудің маңызды факторы болып табылады.
50. ТҮРКПА қатысушы елдер өздері олардың мүшелері болып табылатын халықаралық ұйымдар аясындағы сонымен қатар өздері серіктестер болып табылатын халықаралық келісімдер аясындағы тиісті салаларда бірге қызмет істей алады.
51. ТҮРКПА 2019 жылғы 23-24 қаңтарда Анкарада Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің (GNAT) қолдауымен өткізген «Ормандардың табиғи байлықтарын қорғау және табиғи ресурстарды экологиялық пайдалану бойынша - заңнама және тәжірибе семинары» біздің тиісті құрылымдарымыз арасындағы ынтымақтастықты нығайтуда маңызды рөл атқарды. Қатысушы елдер сарапшыларында кездесу, ақпаратпен және өздерінің байланыстарымен алмаса алу мүмкіндіктері болды.
52. ТҮРКПА қатысушы елдерде осы мәселе бойынша өзара ынтымақтастық үшін мүмкіндіктердің кең спектрі бар. Олардың өзара әрекеттесулерін семинарлар немесе конференциялар, тәжірибемен алмасу бағдарламалары сияқты

бірлескен іс-шараларды өткізу жолымен кеңейту ынтымақтастықты халықтың игілігіне, сонымен қатар аймақтың мүддесіне нығайтатын еді.